

"Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы Сарысу ауданы мәслихатының 2014 жылғы 12 наурыздағы №26-14 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 87 -4 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 4856 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Сарысу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 наурыздағы №26-14 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2164 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 сәуірінде "Сарысу" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың ауданның экономика , қаржы, бюджет, агроөнеркәсіп кешені, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарысу аудандық мәслихатының
сессия төрайымы
Сарысу аудандық
мәслихат хатшысы*

Г. Мороз

С. Бегеев